




Автор: Муканова Раушан Бакитовна
Предмет: Қазақ тілі
Класс: 4-сынып
Раздел: Мәдени мұра
Тема: Абай Кунанбаев

Цели урока:	Т.4.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру; Т. 4.1.5.1 тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау Т.4.1.1.1 анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба(тірек сөздер) жасау және нақтылау мқсатында сұрақтар құру
Языковые цели:	Құжат, баспа, қолжазба, мақтаныш, ұлы,ақын, жазушы
Ожидаемый результат:	Ата, бата беріңіз!
Навыки использования ИКТ:	Оқулық.bilimland. Ең көп қаралатын сабақтар. Абай Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба»
Межпредметная связь:	Тарих
Предыдущие знания:	Ата, бата беріңіз!

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока (5)	«Ойлан, жұптас, талқыла» стратегиясы арқылы тақтадан жаңа тақырыпты көрсетеді. Оқушылар жекелей өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағаз бетіне түсіреді. Содан кейін өз жазғанын жұбымен 3-4 минут талқылап, топта жұмыс істейді. Одан кейін топ ортақ бір ой жасайды. Әр топ кезегімен жаңа тақырып бойынша ортақ ойға бір-бір сөзден қосады. Содан кейін оқушыға өз пікірлерін, жаңа тақырып бойынша қандай сөздер жазғанын оқытады. (Ұ) (Ө). Жаңа сөздермен жұмыс.Құжат, баспа, қолжазба, мақтаныш, ұлы,ақын, жазушы 1.Осы сөздердің мағыналарын түсіндіру. Қарапайым анықтама беру, сөйлем құру әдісі арқылы Мысалы, «ақын» деген сөзді меңгерту керек болса « өлең жазады» деп түсіндіріп, ары қарай мысалдар арқылы сөйлемде қолданылуын көрсеткен дұрыс. 2. Дұрыс айтуға дағдыландыру: 3. Жаңа сөздерден сөз тіркестерін құрастыру: 4. Сөйлемдер құрастыру. 5. Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазу.	суреттер Оқулық.bilimland. Ең көп қаралатын сабақтар. Абай Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба»

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока (20)	<p>Мұғалім ауызша комментарий береді. «Жақсы! Тамаша! Керемет!» Ұ) «Ассоциация» әдісі арқылы Ұлы Абайды сипаттап айтады. Интербелсенді тақтадан Ұлы Абайдың суретін көрсетеді. «Ойлан» Суретке қара. Бұл ата кім? Ата қандай адам деп ойлайсыңдар? Сипаттаманы үлгі бойынша әр оқушы жалғастырып айтады.</p> <p>Т).Оқиық. «Бірін-бірі оқыту» стратегиясы бойынша мәтінді іштей оқиды. Берілген мәтінді оқиотыра мұғалім оқушыларға ақынның өмірімен, таныстырады. Әр топ өз тобында талдайды. 1-топ. Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап береді. 2-топ. Мәтінге кластер құрастырып, қорғайды. 3-топ. Мәтін бойынша сөздік жұмыс жүргізеді, мағынасын түсіндіреді. 4-топ. Мәтіннен ақынның асыл қасиеттерін тауып оқып, ойын дәлелдейді. Дескриптор: • Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. • тақырыпқа қатысты сөздерді тауып, сөйлеу барысында қолданады. • Өз ойларын дәлелдейді. Оқылымнан кейінгі тапсырма (Т). «Оқы және жауап бер» айдарында мұғалім мәтін мазмұнын түсінгенін білу үшін сыныпты бірнеше топқа бөліп, мәтін бойынша бірі-біріне сұрақтар қойғызу арқылы тексереді. Мәтіннен берілген сұрақтардың жауабын іздейді. Топтың бір мүшесі сұрақ қояды, келесі топ мәтіннен жауабын тауып айтады немесе оқиды. а) Оқыған мәтіннен «қандай?» сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазады. ә) Мәтін бойынша бір-біріне сұрақтар қояды.</p>	
Конец урока (5)	<p>Оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеру Мұғалімдер оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергендерін міндетті түрде тексеруі керек. Сабақтың өн бойында қалыптастырушы бағалау элементтері көрініс табуы тиіс. Мұғалімнің оқушыларды бағалауы (мадақтар сөздерін қолдануы), оқушылардың өздерін және бір-бірін бағалаулары болуы керек. Кері байланыс жүргізудің маңызы зор.</p>	
Рефлексия (5)	<p>Image not found of type unknown</p>  <p>Рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары қол жетімді болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	